

## «Еуразиялық банк» АҚ:

### "Банктің Эко-картасы бар клиенттерінің арасында жүлделердің ұтыс ойыны" жарнамалық науқанын өткізу талаптары

#### 1. Жалпы ережелер

1.1. "Банктің Эко-картасы бар клиенттерінің арасында жүлделердің ұтыс ойыны" жарнамалық науқанын (бұдан әрі — науқан) ұйымдастырушы — "Еуразиялық банк" АҚ (бұдан әрі — Банк).

1.2. Жарнамалық Науқанды өткізу кезеңі: 2021 жылғы 1 тамыздан 31 желтоқсанға дейін.

1.3. Науқанға қатысушылар: Науқанды өткізу кезеңінде бір күнтізбелік ай ішінде (тамызда, қыркүйекте, қазанда, қарашада және желтоқсанда) Эко-карта бойынша кемінде 10 000 теңге сомасына транзакциялар жасаған Еуразиялық банктің Эко-картасының барлық ұстаушылары.

1.4. Осы Науқанды өткізу талаптары (бұдан әрі - Талаптар) Науқанды өткізу, Науқанға қатысу, Науқанның жеңімпаздарын анықтау тәртіптерін, сондай-ақ жүлделерді беру тәртібін анықтайды. Осы ережелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейді.

1.5. Жарнамалық Науқанның өткізілу аумағы шектелмеген, сауда және сервис кәсіпорындарындағы POS терминалдар арқылы өткізілген барлық транзакциялар, оның ішінде шетелде және интернетте жасалған транзакциялар қатысады.

#### 2. Жүлде қоры

2.1. Науқанның Жүлде қоры Банктің шығыстары есебінен құрылады және тек Науқан үшін жүлде қорын сатып алуға ғана пайдаланылады.

2.2. Науқанның жүлде қоры: ҚҚС (12%) және ЖТС (10%) қосқанда жалпы сомасы 3 100 000 (үш миллион жүз мың) теңгеден аспайтын 10 Xiaomi MiJia Smart Scooter 1s қара түсті электросамокат .

2.3. Жүлделер 5 (бес) кезеңде ойнатылады:

- бірінші кезең 2021 жылғы 10 қыркүйекке дейін - 2 (екі) электрсамокат (01.08.2021 – 31.08.2021 ж. (осыны қоса алғандағы) кезеңде жасалған сатып алулар қатысады);

- екінші кезең 2021 жылғы 10 қазанға дейін -2 (екі) электрсамокат (01.09.2021 – 30.09.2021 ж. (қоса алғандағы) кезеңде жасалған сатып алулар қатысады);

- үшінші кезең 2021 жылғы 10 қарашаға дейін - 2 (екі) электрсамокат (01.10.2021 – 31.10.2021 ж. (осыны қоса алғандағы) кезеңде жасалған сатып алулар қатысады);

- төртінші кезең 2021 жылғы 10 желтоқсанға дейін - 2 (екі) электрсамокат (01.11.2021 – 30.11.2021 ж. (қоса алғандағы) кезеңде жасалған сатып алулар қатысады);

- бесінші кезең 2022 жылғы 10 қаңтарға дейін - 2 (екі) электрсамокат (01.12.2021 – 31.12.2021 ж. кезеңде жасалған барлық сатып алулар қатысады). Жеңімпаздар туралы ақпарат Еуразиялық банктің ресми аккаунттарында әлеуметтік желілерде жарияланады.

2.4. Банк жүлде қорының ақшалай баламасын бермейді.

2.5. ҚР заңнамасымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, жүлде қорын алу құқығы басқа тұлғаға берілмейді.

### **3. Жарнамалық Науқан туралы ақпарат**

3.1. Осы Науқан туралы ақпарат келесі жолдармен таратылады:

- ✓ банктің eubank.kz сайтында орналастыру,
- ✓ әлеуметтік желілердегі банктің ресми беттерінде орналастыру.

### **4. Жарнамалық Науқанға қатысу ережелері**

4.1. Науқанды өткізу кезеңінде бір күнтізбелік ай ішінде (тамызда, қыркүйекте, қазанда, қарашада және желтоқсанда) Эко-карта бойынша кемінде 10 000 теңге сомасына транзакциялар жасаған Еуразиялық банктің Эко-картасының барлық ұстаушылары.

4.2. Науқанды жариялау сәтінде Эко-карта ұстаушылары болып табылмайтын азаматтарға қатысу үшін келесі әрекеттерді жасау қажет:

- ✓ Эко-картаны шығаруға өтінімді кез келген бөлімшеде немесе eubank.kz сайтында рәсімдеу;
- ✓ Эко-картаны алу және оған қосылған нұсқаулықты пайдаланумен оны іске қосу;
- ✓ Науқанды өткізу кезеңінде ай сайын (тамызда, қыркүйекте, қазанда, қарашада және желтоқсанда) Эко-карта бойынша кемінде 10 000 (он мың) теңге сомасына транзакциялар (сауда және сервис кәсіпорындарындағы POS терминалдар арқылы өткізілген, оның ішінде шетелде және интернетте жасалған) жүргізу .

4.3. Науқан жарияланған сәтте Эко-картаны ұстаушылар қатысу үшін Эко-карта бойынша Науқанды өткізу кезеңінде күнтізбелік бір ай ішінде (тамызда, қыркүйекте, қазанда, қарашада және желтоқсанда) кемінде 10 000 (он мың) теңге сомаға транзакциялар жүргізуі қажет.

4.4. Науқанға келесі транзакциялар қатыспайды:

- қолма-қол ақшаны алу/толықтыру;
- бюджетке төлемдерді төлеу, айыппұл санкцияларын төлеу, кеден төлемдерін төлеу;
- кредитті төлеу;
- депозитті толықтыру;
- Банктің интернет банкингінде төлеу;
- карта бойынша аударым операциялар;

- банкоматтар арқылы қызметтерді төлеу;
- ойынханада төлеу.
- коммуналдық төлемдер;
- электронды әмиянды толықтыру;
- электронды ақшалар сатып алу.

4.5. Науқан кезеңі ішінде 1 (бір) Қатысушымен жасалған транзакциялар саны шектелмеген.

4.6. 10 000 (он мың) теңгеге тең деп айтылған шегін бірнеше транзакциялардың жиынтығынан қалыптастыруға болады. Ондай транзакциялар ұтыс ойынына қатыса алады.

4.7. Бір қатысушы Науқанның бүкіл кезеңінде бір ғана жүлдені ұтып ала алады.

4.8. Қатысушы сауалнамада көрсетілген деректердің (ұялы телефон нөмірі, ТАӘ) дұрыстығы үшін өзі жауапты болады.

4.9. Науқанның жеңімпаздарымен жүлде қорын алу олардың Банктің алдындағы міндеттемелерінің тоқтатылғаны болып есептелмейді.

4.10. Банктің кредиттік өнімдері бойынша мерзімі кешіктірілген берешегі бар қатысушылар жеңімпаздар тізімінен шығарылады. Ұтыс ойыны кезіндегі Қатысушылардың жабылған карталары да жеңімпаздар тізімінен шығарылады.

4.11. Қайтарылған тауарлар/қызметтер транзакциялары қатысушылар тізімінен алынып тасталады.

## **5. Ұтыс ойынын өткізу тәртібі**

5.1. Науқан бойынша жүлде қорын ойнату осы Талаптардың 2.2-т. көрсетілген мерзім ішінде жабық режимде, Науқанның Қатысушыларыңыз өткізіледі.

5.2. Науқанның Қатысушылары арасында ұтыс ойынын өткізу үшін кемінде 3 (үш) мүшеден тұратын комиссия құрылады.

5.3. Комиссия мүшелерінің атқарымдарына келесілер кіреді:

- ✓ Науқанның жүлде қорының ұтыс ойынын өткізу;
- ✓ Жеңімпаздарды көрсетумен тиісті хаттамаға қол қою арқылы Науқанның қатысушылары арасында ұтыс ойынын өткізудің нәтижелерін растау.

5.4. Науқанның қатысушылары арасындағы ұтыс ойыны Науқанның өткізілу кезеңі ішінде Банктің деректер қорында тіркелген қатысушының өткізілген транзакциясының бірегей референс-нөмірін кездейсоқ анықтау қағидасына негізделген және комиссия мүшелерінің қатысуымен жүргізіледі..

5.5. Кездейсоқ сандарды іздестіру экранда көрсетілетін Эко-карта бойынша транзакциялардың референс-нөмірлерін таңдайды және Науқанның Жеңімпаздарын анықтайды.

5.6. Ұтыс ойыны аяқталғаннан кейін комиссия мүшелері транзакциялардың жеңімпаз референс-нөмірлерін жазып алады.

5.7. Ұтыс ойынын өткізу нәтижелері комиссияның барлық мүшелерінің қолдары қойылатын ұтыс ойыны нәтижелерінің тиісті хаттамасына комиссиямен енгізіледі.

5.8. Ұтыс нәтижелері әлеуметтік желілердегі банктің аккаунттарында жарияланады.

5.9. Жүргізілген ұтыс ойынының нәтижелері соңғы болып табылады және қайта қарастырылмайды.

## **6. Жүлде қорын алу тәртібі және мерзімі**

6.1. Науқанның әрбір қатысушысы банктің әлеуметтік желілердегі аккаунттарында жарияланатын ұтыс қорытындыларымен өз бетінше таныса алады.

6.2. Жарнамалық науқанның жүлде қорын иелену құқығы жүлдені қабылдау актісі (№1 қосымша) бойынша жүлдені тапсыру сәтінде жеңімпаздарға өтеді.

6.3. Жеңімпаз жарнамалық науқанның жүлде қорынан бас тартқан жағдайда ол жүлдеден бас тарту туралы актіні (№2 қосымша) толтырады.

6.4. Жүлде қорын ұсыну тек Қазақстан Республикасының аумағында ғана жүзеге асырылады.

## **7. Қорытынды ережелер**

7.1. Науқанға қатысу фактісі қатысушының осы Талаптармен толығымен келісетіндігін растайды.

7.2. Банк жеңімпаздардың аты-жөндерін және фотосуреттерін жарнамалық мақсаттарда пайдалану, жүлделерді беру рәсімін өзгерту және Науқан туралы қосымша ақпаратты жариялау құқықтарын өзіне қалдырады.

7.3. Банк алдын ала ескертусіз және себептерді түсіндірмей, осы талаптарды бұзған тұлғаларға науқанға қатысу мүмкіндігін кез келген сәтте оқшаулау құқығын өзіне қалдырады, атап айтқанда:

- ✓ Науқанның нәтижелерін бұрмалауға бағытталған әрекеттерді жасау;
- ✓ банк пен науқанның қатысушылары үшін жағымсыз салдарға әкеп соққан немесе соғуы мүмкін, банкпен алаяқтық, алдау немесе басқа айла-амал деп танылған әрекеттерді жасау;
- ✓ банктің, Науқанның қатысушылары атына кемсітетін комментарийлерді жазу және қорлайтын пікір айту, Науқан туралы шындыққа сай емес деректерді тарату.

7.4. Науқанның өткізілуін ұйымдастыруға қатысты наразылықтар келесі мекенжай бойынша жіберілуі мүмкін: [press@eubank.kz](mailto:press@eubank.kz). Банк түскен наразылықтар бойынша шешімді оларды алған күннен бастап 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей қабылдайды.

7.5. Банк Науқанды болдырмау немесе оның мерзімін ұзарту, сондай-ақ осы талапты өзінің қажетіне қарай ауыстыру құқығын өзіне қалдырады. Банк Науқанның талаптарының өзгергені жайлы ақпаратты қатысушылардың назарына уақтылы жеткізеді.